

Чернобыль атом электростанциясы апаты зардабын жоюға қатысқандарға және Чернобыль атом электростанциясының апатынан және басқа да радиациялық апаттардың салдарынан зардап шеккен тұлғаларға әлеуметтік төлемдер төлеу қағидалары туралы

Күшін жойған

Екібастұз қалалық әкімдігінің 2004 жылғы 26 қаңтардағы N 60/2 қаулысы. Павлодар облысының Әділет Департаментінде 2004 жылғы 12 ақпанда N 2277 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Екібастұз қалалық әкімдігінің 2005 жылғы 23 мамырдағы N 332/6 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Екібастұз қалалық әкімдігінің 2005 жылғы 23 мамырдағы N 332/6 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңына сәйкес, Павлодар облысы "Чернобыль одағы" қоғамдық бірлестігінің үндеуін ескере отырып және Чернобыль атом электростанциясы апаты салдарынан зардап шеккен тұлғаларды әлеуметтік қолдау үшін, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Чернобыль атом электростанциясының апатынан және басқа да радиациялық апаттардың салдарынан зардап шеккен тұлғаларға және Чернобыль атом электростанциясы апаты зардабын жоюға қатысқандарға әлеуметтік төлемдер төлеу қағидалары бекітілсін (бұдан әрі - Қағида).

2. "Екібастұз қаласының халықты әлеуметтік қорғау басқармасы" мемлекеттік мекемесі қағидаларға сәйкес әлеуметтік төлемдерді төлесін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары **Ғ.Ш.Балтабековаға** жүктелсін.

Е к і б а с т ұ з

қаласының әкімі В.Набитовский

Е к і б а с т ұ з

қ а л а с ы ә к і м д і г і н і ң

2004 жылғы "26" қаңтардағы

"Чернобыль атом электростанциясы

апаты зардабын жоюға қатысқандарға

және Чернобыль атом электростанциясының

апатынан және басқа да радиациялық апаттардың

салдарынан зардап шеккен тұлғаларға әлеуметтік
төлемдер төлеу қағидалары туралы"
60/2 қаулысымен бекітілді

Чернобыль атом электростанциясы апаты зардабын жоюға қатысқандарға және Чернобыль атом электростанциясының апатынан және басқа да радиациялық апаттардың салдарынан зардап шеккен тұлғаларға әлеуметтік төлемдер төлеу қағидалары туралы Қағидалар

1. Осы қағидалар Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңына сәйкес Чернобыль атом электростанциясының апатынан және басқа да радиациялық апаттардың салдарынан зардап шеккен тұлғаларға және Чернобыль атом электростанциясы апаты зардабын жоюға қатысқандарға әлеуметтік төлемдер төлеу ретін анықтайды.

2. Чернобыль атом электростанциясының апатынан және басқа да радиациялық апаттардың салдарынан зардап шеккен тұлғаларға және Чернобыль атом электростанциясы апаты зардабын жоюға қатысқандарға әлеуметтік төлемдер төлеу белгіленген үлгідегі өтініштер бойынша (1, 2 қосымшалар) "Екібастұз қаласының халықты әлеуметтік қорғау басқармасы" мемлекеттік мекемесімен жүргізіледі.

Өтінішпен бірге мына құжаттар қоса беріледі:

- 1) тұрғылықты мекен-жайынан анықтама;
- 2) Чернобыль атом электростанциясының апатынан және басқа да радиациялық апаттардың салдарынан зардап шеккен тұлғаларға және Чернобыль атом электростанциясы апаты зардабын жоюға қатысқандығы туралы құжаттың көшірмесі;
- 3) жеке куәлік көшірмесі;
- 4) салық төлеушінің тіркеу нөмірі (РНН);
- 5) почта бөлімшесі көрсетілген жеке есеп шот нөмірі;
- 6) облыстық диагностикалық орталыққа тексерілуге барған жағдайда, облыс орталығына барып қайтуға пайдаланған билеттер (Чернобыль атом электростанциясының апатынан және басқа да радиациялық апаттардың салдарынан зардап шеккен тұлғалар үшін).

Әлеуметтік төлемдер азаматтар барлық қажетті құжаттарды тапсырған айынан бастап тағайындалады.

3. Чернобыль атом электростанциясы апаты зардабын жоюға қатысушыларға әлеуметтік төлемдердің мөлшері айына қала көлігімен жүргенде шығатын шығынның 100% есебімен анықталады және өткен ай сайын төленіп тұрады (3-

тұлға екендігі және Чернобыль атом электростанциясы апаты зардабын жоюға қатысқандығы туралы құжаттың көшірмесі

3. жеке куәліктің көшірмесі

4. салық төлеушінің тіркеу нөмірі (РНН)

5. почта бөлімшесі көрсетілген жеке шот нөмірі

күні, айы, жылы _____ Қолы _____

Чернобыль атом электростанциясының
апатынан және басқа да радиациялық
апаттардың зардабынан азап шеккен
тұлғаларға және Чернобыль атом
электростанциясы апаты зардабын
жоюға қатысушыларға әлеуметтік
төлемдер ережелеріне
2-қосымша

Екібастұз қаласы халықты әлеуметтік
қорғау басқармасының бастығына

мекен жайы _____

РНН _____

Е с е п ш о т № _____

Почта бөлімшесі _____

ӨТІНІШ

Чернобыль атом электростанциясы апаты зардабынан азап шеккен тұлға ретінде облыс орталығына барып- қайту өтемін төлеуіңізді сұраймын. өтінішке
қ о с а :

1. тұрғылықты мекен-жайдан анықтама

2. Чернобыль атом электростанциясының апатынан және басқа да радиациялық апаттардың зардабынан азап шеккен тұлға екендігі және Чернобыль атом электростанциясы апаты зардабын жоюға қатысқандығы туралы құжаттың көшірмесі

3. жеке куәліктің көшірмесі

4. салық төлеушінің тіркеу нөмірі (РНН)

5. почта бөлімшесі көрсетілген жеке шот нөмірі

6. облыс орталығына барып-қайту билеті

күні, айы, жылы _____ Қолы _____

Чернобыль атом электростанциясының
апатынан және басқа да радиациялық
апаттардың зардабынан азап шеккен

тұлғаларға және Чернобыль атом
электростанциясы апаты зардабын
жоюға қатысушыларға әлеуметтік
төлемдер ережелеріне
3-қосымша

Чернобыль атом электростанциясының апатынан және басқа да радиациялық апаттардың зардабынан азап шеккен тұлғаларға және Чернобыль атом электростанциясы апаты зардабын жоюға қатысушыларға жеңілдік беру үшін , қаржы шығыны есебі

2003 жылдың 24 желтоқсаны бойынша Екібастұз аймағында Чернобыль атом электростанциясы апаты зардабын жоюға қатысушылар саны 15 адам, Чернобыль атом электростанциясы және басқа да радиациялық апаттар зардабынан азап шеккен тұлғалар 40 адам, оның - 8 адамы ауылдық аймақта тұрады .

Жоғарыда көрсетілген санаттарға жеңілдік беру үшін қаржы шығыны есебі:

1. Чернобыль атом электростанциясы апатын жоюға қатысқандардың барлығына қала көлігінде тегін жүру
Шығын есебі: 14400×15 адам = **216000 теңге**,
14400 теңге бір жылдық билет құны

2. Адам басына 5000 теңге мөлшерінде бір жолға берілетін жәрдемақы төлеу
Шығын есебі: 5000×15 адам = 75000 теңге

3. Чернобыль атом электростанциясы және басқа да радиациялық апаттан азап шеккен тұлғаларға тоқсанына бір рет қазыналық коммуналды "Облыстық диагностикалық орталық" мемлекеттік мекемеге үнемі қаралуы үшін облыс орталығына барып-қайту жол шығынына 600 теңге төлеу.

Жылдық шығын есебі:

40 адам \times 600 теңге \times 4 рет = **96000 теңге**, мұнда 600 теңге облыс орталығына 1 рет барып-қайту жол құны.

Шығын есебі ауыл аймағында тұратын тұлғалардың (8 адам) Екібастұз қаласына дейінгі жол шығынынсыз есептелген.

Барлығы: 2004 жылы көрсетілетін жәрдемақы сомасы **387000 теңге**.

Шығын есебі 2003 жылдың 24 желтоқсаны бойынша баға құнымен есептелген .

Чернобыль атом электростанциясы апатын жоюға қатысушылар мен Чернобыль атом электростанциясы апатынан зардап шеккен тұлғалар санын Павлодар облысы Республикалық мемлекеттік қазыналық мекеме" Тұрғындарды

әлеуметтік қорғау және еңбек Министрлігінің зейнетақы төлеу бойынша мемлекеттік орталығы" Екібастұз қалалық бөлімшесі берді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ